



Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 5 кантардағы  
№ А-1/2 қаулысымен  
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі  
Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің  
ЖАРҒЫСЫ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) тәрбиелік, білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, Зандарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады. (бұдан әрі-құрылтайшы)

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) тиісті саланың уәкілетті органы болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020911 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Құмай ауылы, Трудовая көшесі, 16 үй.

### **2. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі**

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрлері болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардың қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері үшін қолындағы ақшамен жауап береді. Егер мемлекеттік мекеменің ақшасы жеткіліксіз болса, Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражаты арқылы өз міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілікте болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық бөлімшелерінде міндетті түрде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

### **3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

14. Мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттік мекеме мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын менгеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;

3) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту;

4) тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

5) өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген азаматтық сүйіспеншілікке, патриотизмге баулу, мемлекеттік рәміздер мен қазақ тілін құрметтеуді, халық дәстүрлерін қастерлеуді, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілілікті тәрбиелеу;

6) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық - саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

7) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдеп-ғұрпты мен дәстүрлерін зерделеу;

8) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау;

9) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

10) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

11) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

Мемлекеттік мекеменің тұллектеріне қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

15. Мемлекеттік мекеме жаңында толық емес уақытта болатын тәрбиеленушілерге арналған мектепке дейінгі «Балақай» шағын орталығы жұмыс істейді.

16. Шағын орталық қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

17. Мектепке дейінгі шағын орталықтың міндептері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-әрекет жасау;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

18. Мектепке дейінгі шағын орталықтың қызметі Жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, Санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

19. Мемлекеттік мекеменің білім беру қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) «білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына сәйкес жүзеге асырылады;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығымен бекітілген 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндептін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекеме білім беру процесін «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

21. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарларын, оның ішінде оқу процесін жүзеге асыратын қысқартылған оқу жүктемесі бар оқу жоспарларын дербес таңдайды.

22. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен игеру үшін баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу іс-әрекетінде он үәждемесі мен іскерлігін: оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдыларының, шығармашылық өзін-өзі іске асырудың, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

23. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаның өзін-өзі айқындауына және кәсіби бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

24. Мемлекеттік мекемедегі оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Мемлекеттік мекемедегі оқу процесі үлгілік оқу жоспары негізінде құрылады, жылдық құнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабак кестесімен регламенттеледі.

26. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инвариантты және вариативті компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табиғатта) өткізеді.

27. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабак режимі МЖМБС-ның, санитариялық қағидалардың, денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген үлгілік оқу жоспарлары білім беру ұйымы бекіткен ережелермен айқындалады.

28. Мемлекеттік мекемедегі сабак кестесін оның басшысы не оны алмастыратын адам бекітеді.

29. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету «білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады.

29. Білім алушылардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын менгеруін бақылау мақсатында мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «білім алушылардың аралық және қорытынды атtestаттаудың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және қорытынды атtestаттауды жүзеге асырады.

30. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары оқушыларының типтік оқу бағдарламаларын өзірлеуін бақылау мақсатында мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгерімі мен аралық және қорытынды атtestаттауларына ағымдағы бақылау жүргізуіндің үлгілік ережелерін бекіту туралы» №125 бұйрығына сәйкес үлгірім мен қорытынды атtestаттаудың ағымдағы бақылауын жүргізеді.

31. Мемлекеттік мекеме ұлттық білім беру деректер базасында деректер өзектілігін және білім саласындағы құзыретті органда ақпараттар жүйелердің автоматтандырылған ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етеді.

32. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталыққа қабылдау «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

33. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттардың негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

34. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытуудың залығы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

36. Оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде жалпы білім беру стандарттарына сәйкес каникул белгіленеді.

37. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынаң аспауы тиіс. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы санға қосылмайды.

38. Сыныптардың толықтырылуы 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді.

Шектеу іс-шаралары орындау барысында мемлекеттік органдардың төтенше жағдайларды енгізу аясында, соның ішінде белгілі аумақта төтенше ахуал туындаған кезде, карантин енгізген кезде, сыныпта 15 білім алушыларға дейін сынып-жинақталымдарын қалыптастыра алады.

39. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны, шағын орталықтағы оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарымен белгіленеді.

40. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) құрылады.

41. Балаларды мемлекеттік мекемеден он алты жас туралы шығаруға құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны, білім беру үйімінде жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мекемеден шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталықтан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) мемлекеттік мекеме мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де занды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт аралығында келмеген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтamasы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда тоқтатылады.

42. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

3) білім беру үйімдарында мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға қолжетімді нысанда оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, ақпараттық ресурстармен тегін пайдалануға;

4) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

5) өз пікірін және сенімін еркін білдіруге;

6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

7) оқудағы, гылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндettі:

1) Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік, практикалық дағдылар мен құзыреттерді менгеруге, ішкі тәртіп ережелерін, білім беру үйімінің жарғысын сақтауға;

2) өз деңсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге үмтүлуға тиіс;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

4) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, олар оқитын оку орнының дәстүрлерін құрметтеуге.

43. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдер құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйімдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері, Қамқоршылық кеңесі арқылы білім беру үйімдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру үйімдарынан өз балаларының үлгеріміне, міnez-құлқына және оку жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуына.

Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер міндettі:

1) балалардың өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дене күшінің дамуын, имандылық тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) білім беру үйімінің жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

3) балалардың оку орнындағы сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

4) білім беру үйімдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

6) білім беру үйімінде белгіленген киім нысанын сақтауға.

44. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндettteri.

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде Педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті үйімдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

- 2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғауды қамтиды;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарапынан мамандыққа құрметпен қарауга;
- 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қажетті жағдайлар жасауга;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) Білім беру бағдарламасына сәйкес оку құралдарын, Оку материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын тандауға;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оку жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оку-әдістемелік кешендер мен оку құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға, қатысуға;
- 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын тандауға;
- 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын беру;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке Педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;
- 16) Кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадақталуына;
- 17) «әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары түрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауга;
- 20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

Педагог міндетті:

- 1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерді менгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
- 3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруға (растаяуға);
- 4) педагогикалық әдепті сақтауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуге;
- 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
- 9) өмірлік қыын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығын дереу хабардар етуге;
- 10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына Қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлауға;
- 11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де занды өкілдерге консультация беруге.

Педагог саяси үгіттеу мақсатында, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілдігін насхаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келетін әрекеттерге итермелуе үшін білім беру процесін пайдалануға құқылды емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог қызметкері, педагог атағына кір келтіретін теріс қылышқа жасаганы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп согады.

45. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының 63 б. сәйкес қызметтерді ұсынуға құқылы.

Мұліктік жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірістерді мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

46. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бүйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

47. мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

48. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайши не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі: тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4. Мемлекеттік мекемені басқару**

49. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

50. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мұлікті мемлекеттік мекемеге бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуі жүзеге асырады;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады.

51. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мұлкінің сакталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және оқілдіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есепті бекітеді;

7) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мұлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

52. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеменің басшысын тиісті саланың уәкілетті органы қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

53. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

54. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

55. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

56. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің басшысы:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бүйректар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындастын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

10) өзінің орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындауды;

11) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына бақылау жүргізеді және бұл үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке ие болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **5. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі**

57. Мемлекеттік мекеменің мүлкінің құны, оның тенгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүліктен (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

58. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

59. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік мекемеге кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, осындай қызметтен алғынған ақша тиісті бюджетке есептелуге жатады.

60. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

61. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есепті және есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

62. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және тексеруді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

## **6. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі**

63. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі Еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

## **7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруды енгізу тәртібі**

64. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

65. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## **8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

66. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

## **9. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

67. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

68. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

69. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін, қалған мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе Құрылтайшы қайта бөледі.

70. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Басшы Шагамша Р.О.  
Т.А.Ә.

Мерз  
қолы